

Жамбыл облысы әкімдігінің
2022 жылғы 16 тамыздағы
№ 188 қаулысымен бекітілген

Утверждено постановлением
акимата Жамбылской области
от 16 августа 2022 года № 188

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Мойынқұм
ауданының білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай-бақшасы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ**



УСТАВ

**коммунального государственного казенного предприятия
«Ясли-сад «Балдәурен» отдела образования Мойынқумского
района управления образования акимата Жамбылской области»**

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Мойынқұм ауданының білім бөлімінің
«Балдәурен» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорнының
жарғысы**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Мойынқұм ауданының білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық - құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Жамбыл облысы әкімдігінің 2022 жылғы 16 тамыздағы №188 қаулысына сәйкес атауы өзгертілуіне байланысты, Кәсіпорын Жарғысының жаңа редакциясы қабылданды.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Жамбыл облысының әкімдігі (бұдан әрі - құрылтайшысы) болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын «Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Мойынқұм ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы: «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Мойынқұм ауданының білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: 080604, Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Биназар ауылы, Әлімқұлов көшесі, 3 А.

2-тарау. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3-тарау. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін, арнайы оқу бағдарламаларын, жеке дамыту бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамуындағы ауытқуды түзету және әлеуметтік бейімдеу, дамыту және медициналық бақылау, сондай-ақ қарау, бағу және сауықтыру бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын, мемлекет қаржыландыратын қызмет көрсету көлемін, іске асыру үшін орындауды қамтамасыз ету болып табылады.

14. Кәсіпорынның міндеттері:

1) мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;
2) тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;

3) сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;

4) тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен тығыз ынтымақтастықта болу;

5) ата-аналарға тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын сақтау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету;

6) баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған өзгеретін ойын және тақырыптық зоналарды (аймақтарды), инклюзивті дамыту ортасын құру болып табылады.

15. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырылуын:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №17669 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бұдан әрі - МЖБС), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларының (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлар) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарлама) толық көлемде іске асырылуын;

2) білім беру процесін ұйымдастыруда қолданылатын нысандардың, әдістердің, тәсілдердің, құралдардың тәрбиеленушілердің жас, психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне, қабілеттеріне, қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкестігін;

3) Кәсіпорын штатына кіретін медициналық қызметкерлер тәрбиеленушілерді ағымдағы медициналық бақылауды, иммундау және профилактикалық тексерулерді алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсетудің аумақтық медициналық ұйымдарымен бірлесіп ұйымдастырылуын;

4) Кәсіпорын басшысы бекітетін және әр жас тобында ілінетін он күндік ас мәзірін құрастырылуын;

5) тәрбиеленушілерді теңгерімді тамақтандыру балалардың жас ерекшеліктері, денсаулық жағдайы, Кәсіпорынның жұмыс тәртібі, маусымдық азық-түліктердің болуы, оның жиілігі ескеріліп, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №23469 болып тіркелген) бекітілген "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар"

санитариялық кағидаларына (бұдан әрі – Санитариялық кағидалар) және осы жарғыға сәйкес айқындалуын;

6) тәрбиеленушілерде, оның ішінде теңгерімді дұрыс тамақтану мен табиғи және жаңа піскен өнімдерді тұтынуды насихаттау арқылы тамақтану мәдениетін қалыптастырылуын;

7) ішкі тәртіп ережелерін әзірленуін және бекітілуін;

8) жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын әзірленуін және бекітілуін;

9) білім беру бағдарламаларын бейімделуін және іске асырылуын;

10) егер «Білім туралы» Заңында және қабылдаудың Үлгілік ережесінде өзгеше көзделмесе білім беру қызметімен айналысуға берілген лицензияға сәйкес тәрбиеленушілердің контингентін қалыптастырылуын;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен педагогтердің міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексеруден өтуін;

12) Кәсіпорынды материалдық-техникалық қамтамасыз ету, жарақтандыру мен жабдықтылуын;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ақылы негізде тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) ұсынылуын;

14) тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау мен нығайтуды;

15) осы жарғыға мониторингті жүзеге асыруды және оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу жөніндегі шараларды уақтылы қабылдауды;

16) Кәсіпорын жарғысының, оған өзгерістер мен толықтырулардың жобасын әзірлеуді және оны тиісті саладағы уәкілетті органға келісуге ұсынуды;

17) осы жарғыда және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

16. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

17. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе облыстық білім басқармасының, не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тарау. Кәсіпорынды басқару

18. Кәсіпорынды жалпы басқаруды тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

19. Тиісті саланың уәкілетті органы заңнамада белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;

2) Кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

5) Кәсіпорын мүлкінің есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

6) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

7) мектепке дейінгі жастағы және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды, орта білім алғанға дейін оларды оқытуды ұйымдастырады;

8) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысының қажеттілігін, ата-ана төлемақысының мөлшерін айқындайды;

9) облыстық білім басқармасы арқылы қолданыстағы заңнаманың талаптарын ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ананың ақы төлеу мөлшерін құрылтайшыға бекітуге енгізеді;

10) қолданыстағы заңнаманың талаптарын ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды қамтамасыз етеді;

11) Кәсіпорынның материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін жүзеге асырады;

12) қолданыстағы заңнамаға сәйкес Кәсіпорынның педагогтері мен басшыларын аттестаттауды ұйымдастырады;

13) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды қамтамасыз етеді;

14) Кәсіпорынға және отбасыларға қажетті әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді;

15) Кәсіпорынның тарификациялық тізімдерін, штат кестесін, жұмыс оқу жоспарларын келіседі;

16) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

20. Құрылтайшы заңнамада белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Кәсіпорындарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) облыстық білім басқармасының ұсынысы бойынша қолданыстағы заңнаманың талаптарын ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысының мөлшерін, сондай ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекітеді және Кәсіпорынға жеткізеді;

4) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

21. Облыстық білім басқармасы заңнамада белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) облыс аумағында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастырады және оған жауапты болады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құрылтайшыға Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы ұсыныстар енгізеді;

3) тиісті саланың уәкілетті органының ұсынысы бойынша қолданыстағы заңнаманың талаптарын ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысының мөлшерін, сондай ата-ананың ақы төлеу мөлшерін құрылтайшының бекітуіне енгізеді;

4) білім беру мониторингін жүзеге асырады;

5) Кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын бекітеді;

6) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

22. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган заңнамада белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

2) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

3) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

4) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

23. Кәсіпорынның басшысы оның атқарушы органы болып табылады.

«Білім туралы» Заңының 44 бабының 3 тармағына сәйкес Кәсіпорын басшысы конкурстық негізде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен

лауазымға тағайындалады және лауазымынан босатылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен үш жылда бір рет аттестаттаудан өтеді.

Кәсіпорын басшысы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен:

1) Кәсіпорын тәрбиеленушілерінің, қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтарын бұзғаны;

2) өзінің құзыретіне жатқызылған функцияларды орындамағаны;

3) МЖБС талаптарын бұзғаны;

4) Кәсіпорын тәрбиеленушілерінің, қызметкерлерінің оқу-тәрбие процесі кезіндегі өмірі мен денсаулығы;

5) Кәсіпорынға оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бұзғаны немесе білім алу үшін арнаулы жағдайлар жасамағаны;

6) қаржы-шаруашылық қызметтің жай-күйі, оның ішінде материалдық және ақша қаражаттарын нысаналы пайдаланбағаны;

7) білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілеріне әкімшілік деректерді анық және (немесе) уақтылы ұсынбағаны;

8) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының бұзғаны;

9) нормативтік құқықтық актілерде және еңбек шартының талаптарында көзделген талаптарды өзге де бұзғаны үшін жауаптылықта болады.

Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы рәсімдейді.

24. Басшы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін заңнамамен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді, егер заңнамалық актілерімен және осы жарғымен өзгеше белгіленбесе.

25. Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады.

8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) жеке жауаптылықта болады:

қаржы - шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін;

таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы бюджетке аудармағаны үшін;

Кәсіпорынның даму жоспарын іске асырудың нәтижелілігі және тиімділігі үшін;

11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

26. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған

жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

27. Кәсіпорында алқалы басқару органдары құрылады.

Кәсіпорынды алқалы басқарудың нысандары, оларды сайлау тәртібімен қоса, жұмысты ұйымдастырудың үлгілік ережелерін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін педагогикалық, әдістемелік, қамқоршылық кеңестер бола алады.

5-тарау. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі

28. Кәсіпорын мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін, арнайы оқу бағдарламаларын, жеке дамыту бағдарламаларын іске асырады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары іс-әрекет түрлерінің мектеп жасына дейінгі балалар үшін ерекшеліктерін ескере отырып, МЖБС негізінде әзірленеді.

29. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары:

1) балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және сауықтыру тұтастығы принциптерін ескере отырып, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз етеді;

2) әр баланың талабын, бейімділігін, қабілеттілігін, дарындылығын іске асыруға және оның даму ерекшеліктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып, дара әдіс негізінде оны бастауыш білім берудің білім беру бағдарламасын меңгеруге даярлауға бағдарланады.

30. Мектепке дейінгі оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары оқудың, жазудың, есептеудің және тілдік қатынас тәжірибесінің қарапайым дағдыларын қалыптастырады және бастауыш білім беруді меңгеру үшін бірдей бастапқы жағдайларды жасауды көздейді.

6-тарау. Тәрбиеленушілерді Кәсіпорынға қабылдау және шығару негіздері және тәртібі

31. Тәрбиеленушілерді Кәсіпорынға қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы №254 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20883 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қағидалары) сәйкес жүзеге асырылады.

32. Кәсіпорынға балаларды қабылдау бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін баланың ата-анасы немесе басқа заңды өкілдері Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қағидаларына 4-қосымшаның 8-тармағында сәйкес құжаттарды ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынған жағдайда Кәсіпорын мен ата-анасының біреуі немесе баланың заңды өкілі арасында жасалған келісім шарт негізінде Кәсіпорын баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдауды жүзеге асырады.

33. Кәсіпорында тұрақты немесе уақытша болуға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау оларда бос орындар болған жағдайда жыл бойы жүргізіледі.

34. Тәрбиеленушілерді Кәсіпорыннан шығару Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда белгіленген негіздер мен тәртіппен жүргізіледі.

35. Тәрбиеленушілерді Кәсіпорыннан мерзімінен бұрын шығару мынадай негіздер бойынша жүргізіледі:

- 1) тәрбиеленушінің ата-анасының (заңды өкілдерінің) бастамасы бойынша;
- 2) осы жарғыда көзделген жағдайларда Кәсіпорынның бастамасы бойынша;
- 3) заңнамада көзделген басқа да негіздер бойынша.

36. Тәрбиеленушілерді Кәсіпорынның бастамасы бойынша:

- 1) Кәсіпорын мен тәрбиеленушінің ата-анасының немесе өзге де заңды өкілінің арасындағы шарттың талаптары бұзылған;

2) тәрбиеленуші бір айдан астам дәлелсіз себеппен және әкімшілікке ескертпей, мектепке дейінгі ұйымға келмеген;

3) дәрігерлік консультациялық комиссия анықтамасының негізінде тәрбиеленушінің келуіне кедергі болатын медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда шығарылады.

37. Кәсіпорында тәрбиеленушінің орны:

1) тәрбиеленуші ауырған, денсаулық сақтау және басқа ұйымдарда емделген, сауықтырылған, денсаулығын түзеткен және оңалтылған (көрсетілімі бойынша анықтама және қорытынды ұсынған жағдайда) кезде;

2) тәрбиеленушінің ата-анасының бірі немесе заңды өкілі тәрбиеленушінің жылына екі айдан артық емес мерзімде демалысқа немесе емделуге жазбаша өтініш ұсынған жағдайда;

3) елді мекенде төтенше жағдай (әлеуметтік, табиғи, техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар) енгізілген кезеңде сақталады.

7-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі

38. Кәсіпорын оқу, оқу-тәрбие процесін осы Жарғыға, «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №17657 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына (бұдан әрі - Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары), Санитариялық қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.

39. Кәсіпорында оқыту мен тәрбиелеу қазақ тілінде жүргізіледі.

Кәсіпорында тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

40. Ата-аналардан немесе заңды өкілдерден алынатын ай сайынғы төлемақы мөлшері, Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының 17 тармағында белгіленген.

41. Кәсіпорынның білім беру қызметі:

1) МЖБС;

2) Үлгілік оқу жоспарларына;

3) Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

42. Кәсіпорынның негізгі құрылымдық бірлігі топ болып табылады. Топтар жас ерекшелігі бір немесе жас ерекшелігі әртүрлі қағидаты бойынша жасақталады.

Кәсіпорынның топтарының толымдылығы Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының 7, 8 тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

Кәсіпорынның жұмыс аптасының ұзақтығы, балалардың болу уақыты, сабақ режимі МЖБС, Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары, санитариялық қағидалары, үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру саласындағы денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде дайындалған Кәсіпорын бекітетін ережемен айқындалады.

43. Кәсіпорын өз қызметін мынадай кезеңдер бойынша ұйымдастырады:

1) 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы (мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын мазмұнын меңгеру кезеңі);

2) 1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңі;

3) мектеп жасына жеткен тәрбиеленушілерді Кәсіпорыннан босату жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылады;

4) тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру тәрбиеленушінің ағымдағы жылы 1 қыркүйектегі толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

44. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар Үлгілік оқу жоспарларында белгіленеді.

45. Апталық оқу жүктемесінің көлемі МДЖБС-ның 15 тармағында белгіленген.

46. Сабақ кестесінде үзілістің ұзақтығы балалардың белсенді демалысын ұйымдастыру үшін жеткілікті болуы қарастырылады.

47. Кәсіпорын балаларды ойыншықтармен, ойнау үшін қажетті оқулықтармен және Кәсіпорынның қызметі үшін қажетті өзге құралдармен қамтамасыз етеді.

48. Кәсіпорында тәрбиеленушілерге қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға жол берілмейді.

Кәсіпорын, сондай-ақ Кәсіпорын басшысы және педагогтері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте аттестаттаудан өтеді.

8-тарау. Білімдерді ағымдағы бақылау, тәрбиеленушілерді аттестаттау жүйесі, оларды өткізудің нысандары және тәртібі

49. Кәсіпорында білімдерді ағымдағы бақылау, тәрбиеленушілерді аттестаттау қарастырылмаған.

9-тарау. Ақылы қызмет көрсетудің тізбесін және тәртібі

50. Білім алушыларға Кәсіпорын бюджет қаражаттары есебінен көрсететін білім беру қызметтері тегін ұсынылады.

51. Кәсіпорын тиісті саланың уәкілетті органымен, облыстық білім басқармасымен келісілген тізім бойынша тиісті шартты жасай отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған тәртіппен ақылы қызметтер, соның ішінде білім беру жоспарларының және білім беру бағдарламаларының талаптарынан тыс жұмыс күндері және демалыс күндері Кәсіпорынмен қамтылған және қамтылмаған білім алушылар үшін білім беру сипатындағы қосымша ақылы қызметтер ұсына алады.

Кәсіпорын ғимараттарының көрінетін жерінде ұсынылатын ақылы қызметтердің тізбесі мен ұсынылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) баға көрсеткішін көрсете отырып ақпарат орналастырады.

52. Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет білім алушыларға ата-аналардың немесе білім алушының басқа да заңды өкілдерінің еркін нысандағы өтініштері негізінде жеке кесте бойынша көрсетіледі.

53. Кәсіпорынның ақылы негізде ұсынылатын тауарларының (жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің) бағалары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілуге жатады.

Кәсіпорынның тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсеткені үшін қолма-қол ақша алу қассалық кіріс ордерлерінің негізінде міндетті түрде бақылау-қассалық машиналарды қолдана отырып тараптардың қол жеткізген уағдаластықтары негізінде жүргізіледі.

54. Ақылы қызметтер көрсетуден түскен қаражат жарғылық мақсаттарға, сондай-ақ мамандарға еңбекақы төлеуге, құралдар сатып алуға, тиісті дамытушы орта құруға бағытталады.

10-тарау. Білім беру ұйымының тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын ресімдеу тәртібі

55. Білім беру процесіне қатысушылар тәрбиеленушілер, тәрбиеленушілердің заңды өкілдері, педагогтер болып табылады.

56. Кәсіпорын тәрбиеленушілер санына қабылдау кезінде «Білім туралы» Заңның 47, 49-баптарында көзделген тәрбиеленушілердің, ата-аналардың және басқа да заңды өкілдерінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді, сондай-ақ жазбаша нысанда қол қойдырта отырып, осы Жарғымен, ішкі тәртіп ережелерімен және оқу процесінің тәртібі мен ұйымдастырылуын реттейтін басқа да құжаттармен таныстырады.

57. Тәрбиеленушілердің:

- 1) МЖБС сәйкес сапалы білім алуға;
- 2) өзінің бейімділігі мен қажеттеріне қарай қосымша білім беру қызметтерін, білімдерді ақылы негізде алуға;
- 3) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне құқығы бар.

58. Тәрбиеленушілер:

1) МЖБС талаптарына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дағдылар мен біліктілікті меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, Кәсіпорынның жарғысында және білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға;

2) өздерінің денсаулығы үшін қам жеуге, рухани және тән саулығын өздігінен жетілдіруге ұмтылуға;

3) педагогтің ар-намысы мен қадір-қасиетін, өздері білім алатын оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге міндетті.

59. Балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің:

1) баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып білім беру ұйымын таңдауға;

2) ата-аналар комитеттері арқылы Кәсіпорынды басқару органдарының жұмысына қатысуға;

3) Кәсіпорыннан өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқыту мен тәрбиелеу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;

4) өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардан консультациялық көмек алуға құқығы бар.

60. Балалардың ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер:

1) балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2) Кәсіпорынның жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға;

3) балалардың Кәсіпорынға келуін қамтамасыз етуге;

4) Кәсіпорын жұмыскерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

61. Тәрбиеленушінің, ата-анасының және Кәсіпорын қызметкерлерінің қарым-қатынасы ынтымақтастыққа, оқу үдерісіне қатысушылардың өзара құрметіне және тәрбиеленушінің жеке ерекшеліктеріне сәйкес даму еркіндігін қамтамасыз етуді ескере отырып құрылады.

62. Кәсіпорын басшысы тәрбиеленушілерді қабылдау кезінде білім беру қызметтерін көрсетуге үлгі шартқа сәйкес балалардың ата-аналарымен немесе басқа заңды өкілдерімен білім беру қызметтерін көрсетуге шарт жасайды.

63. Ақылы негізде қызмет көрсететін Кәсіпорын мен тәрбиеленушінің ата-анасының және өзге де заңды өкілдерінің арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жеке шартпен реттеледі.

64. Оқу процесінде туындаған келіспеушіліктер мен дауларды өзара қолайлы шешімдерге келу мақсатында тікелей тараптардың өздері шешеді.

Тараптар арасында келіссөздер, өзара қолайлы шешімдер жасау жолымен шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

65. Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Кәсіпорынға келушілер арнайы журналға тіркеледі. Келушілерді тіркеу жеке басын куәландыратын құжат

негізінде жүзеге асырылады. Келушіге баратын уақыты мен орны көрсетілген рұқсаттама беріледі. Қажет болған жағдайда келушінің сөмкесі (бар болса) тексеріледі. Келушіні қабылдаған Кәсіпорын әкімшілігінің басшылығы шығу уақытын көрсете отырып, рұқсаттамаға қол қояды. Рұқсаттама Кәсіпорын ғимаратынан шыға берісте кезекшіге тапсырылады.

66. Алкогольдік, есірткілік немесе уыттық масандану, психикалық ауытқу белгілері бар адамдар Кәсіпорын ғимаратына кіргізілмейді. Мұндай келуші туралы дереу Кәсіпорын басшылығы және ішкі істер органдарына хабарланады.

11-тарау. Кәсіпорынның педагогикалық персоналын іріктеу тәртібі.

Кәсіпорын педагогтарының құқықтары мен міндеттері.

67. Кәсіпорынды кадрлармен қамтамасыз ету тәртібі осы жарғымен және Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасымен реттеледі.

68. Кәсіпорындағы штат саны «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына сәйкес белгіленеді.

69. Педагог қызметімен айналысуға педагогикалық немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам жіберіледі.

70. Педагогтің кәсіптік қызметіне:

1) соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) медициналық қарсы көрсетілімдері бар, сондай-ақ психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтары (аурулары) бар, психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрған;

4) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы құжаттары жоқ адамдар;

5) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген өзге де шектеулер негізінде жіберілмейді.

71. Кәсіпорын педагогтерді жұмысқа қабылдау конкурстық негізде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Конкурсқа «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес келетін және конкурсқа барлық қажетті құжаттарды ұсынған педагогтар қатыса алады.

72. Кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде педагогтің:

1) білім саласындағы заңнаманың талаптары сақталған кезде кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

2) лауазымды адамдар және басқа да тұлғалар тарапынан заңсыз араласудан және кедергі келтіруден қорғалуға;

3) білім алушылар және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қаралуына және тиісінше мінез-құлық көрсетілуіне;

4) кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуіне және қажетті жағдайлардың жасалуына;

5) білім саласындағы заңнаманың талаптары сақталған кезде шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;

6) білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің оқу құралдарын, материалдарын және өзге де құралдарын таңдауға;

7) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, білім беру қызметінің әдістемелік материалдары мен өзге де құрауыштарын, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;

8) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде Кәсіпорын қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;

9) Кәсіпорынды басқарудың алкалы органдарының жұмысына қатысуға;

10) үздіксіз кәсіптік дамуға және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;

11) кәсіптік қызметіндегі табыстары үшін көтермеленуге;

12) өзіне қатысты қабылданатын ұйым басшысының актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағым жасауға;

13) білім алушылар және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрмет көрсетілуіне құқығы;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.

73. Педагог:

1) өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді меңгеруге;

2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын МЖБС көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;

3) өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттыруға (растауға);

4) педагогтік әдепті сақтауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексерулерден өтуге;

6) тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

7) балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

8) тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;

9) Кәсіпорын басшылығына өмірлік қиын жағдайда жүрген баланың анықталу фактілері туралы дереу хабарлауға;

10) қаржы қорғау органдарына және Кәсіпорынның басшылығына қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәметке толмағандарға қатысты жасалу, оның ішінде Кәсіпорыннан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған фактілер туралы дереу хабарлауға;

11) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне консультация беруге міндетті.

74. Педагог білім беру процесін саяси үгіттеу, тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілік белгісі, дінге көзқарасы бойынша азаматтардың срекшелігін, астамшылығын не кемшіндігін насихаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері

туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үгіттеу үшін, сондай-ақ тәрбиеленушілерді Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануға құқылы емес.

75. Педагогикалық этиканы бұзғаны үшін педагогтер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

76. Педагогикалық ұжымның жылдық оқу жүктемесі жұмыс уақытының жылдық нормасы шегінде белгіленеді және оны Кәсіпорын басшысы бекітеді.

12-тарау. Кәсіпорын мен құрылтайшы, Кәсіпорын мен тиісті саланың уәкілетті органы, Кәсіпорын әкімшілігі мен оның еңбек ұжымы арасындағы қатынастар

77. Құрылтайшы Кәсіпорынға қатысты оның мүлкінің меншік иесінің функцияларын жүзеге асырады.

78. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынға жалпы басшылықты және оның қызметіне бақылауды жүзеге асырады.

79. Кәсіпорынның әкімшілігі Кәсіпорынға тікелей басшылықты жүзеге асырады және тиісті саланың уәкілетті органының алдында есеп береді.

Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

80. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

13-тарау. Кәсіпорынның мүлкі

81. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

82. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

83. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктең;
2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де каражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

84. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

85. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

86. Жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жедел басқаруына түседі.

87. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке жедел басқару құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

88. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

89. Кәсіпорынның мүлкіне жедел басқару құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 144, 154, 162 - баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

90. Кәсіпорын осы Жарғының 88 - тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

91. Кәсіпорын дебиторлық берешекті тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен беруге және есептен шығаруға, қарыздар беруге құқылы.

92. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

14-тарау. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

93. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

94. Кәсіпорындар таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

95. Кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес өткізеді.

96. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның жарғысында көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

15-тарау. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

97. Кәсіпорынның жарғылық капиталы меншік иесінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

16-тарау. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

98. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің тиісті саланың уәкілетті органының (немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның) келісімі бойынша Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

99. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

17-тарау. Кәсіпорынның жауапкершілігі

100. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Осы заңды тұлғаның тарату жағдайларын қоспағанда, Кәсіпорынның қалған мүліктің алып қоюға жол берілмейді.

101. Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Кәсіпорынның ақшасы жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиялық жауаптылықта болады.

18-тарау. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

102. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы немесе облыстық білім басқармасы белгілейді.

103. Кәсіпорын жұмыскерлерінің еңбекке ақы төлеу жүйесін "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен белгіленеді.

104. Кәсіпорынның басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

19 - тарау. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

105. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

106. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды тиісті саланың уәкілетті органы мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша жүзеге асырады.

107. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

108. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

20-тарау. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

109. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар құрылтайшының шешімімен енгізіледі.

«Азаматтарға қарасты ұлкен компаниялар корпорациясы» ЖЕАҚ
Жыл бойы облыстық басшының фирмасының
Мәжілісін жүзеге асыру, қорық және қар қорықтары болмай

2011. 09. 28. - қорық

2011. 09. 28. - қорық

БІЛІМДІК ҚОРЫҚТЫҢ ЖЕАҚ ҚОРЫҚТАРЫ

БСМ 001410 006560

20



«Азаматтарға қарасты ұлкен компаниялар корпорациясы» ЖЕАҚ
Жыл бойы облыстық басшының фирмасының
Мәжілісін жүзеге асыру, қорық және қар қорықтары болмай

2011. 09. 28. - қорық

2011. 09. 28. - қорық

БІЛІМДІК ҚОРЫҚТЫҢ ЖЕАҚ ҚОРЫҚТАРЫ

БСМ 001410 006560

